

Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алушы бірыңғай  
ұйымдастырушыны және бірыңғай ұйымдастыруши мемлекеттік сатып алушы  
ұйымдастыруды және өткізуді орындайтын жұмыстар мен көрсетілетін  
қызметтердің тізбесін айқындау туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 2/2 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 4120 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 7 наурызыдағы № 11/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 07.03.2019 № 11/3 (01.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, бюджет қаражаттарын ұтымды және тиімді жұмсау мақсатында Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Теміртау қаласы бойынша тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастыруши болып "Теміртау қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі айқындалсын.

2. Бірыңғай ұйымдастыруши мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруды және өткізуді орындайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. Тапсырыс берушілер, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастырушуға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруға және өткізуге қажетті күжаттардың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

F. Әшімов

Теміртау қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 12 қаңтардағы

## **Бірыңғай үйымдастырушы мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруды және өткізуді орындастырып жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

№ р/ с	Мемлекеттік сатып алушының атауы
1	Бюджеттік даму бағдарламалары шенберінде объектілер салу және реконструкциялау кезінде тапсырыс беруші атынан техникалық қадағалау жүргізу бойынша инжирингтік қызметтерді көрсету
2	Автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндөу кезінде тапсырыс беруші атынан техникалық қадағалау жүргізу бойынша инжинириングтік қызметтерді көрсету
3	Бюджеттік даму бағдарламалары шенберінде жаңа объектілер салу немесе салынғанын күрделі жөндөу және реконструкциялау
4	Бюджеттік даму бағдарламалары шенберінде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндөу
5	Бюджеттік даму бағдарламалары шенберінде объектілер салуға және реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама жасау не бар жобалық-сметалық құжаттаманы түзету
6	Автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндөуге жобалық-сметалық құжаттама жасау не бар жобалық-сметалық құжаттаманы түзету